

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Кітап рухани азық

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.12.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/147571/>

Мерхат РАФИХҰЛЫ

Кітап – адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Адам денсаулығына кітап оқудың пайдасы зор екендігін де ғалымдар дәлелдеп отыр. Медицинада мидың жұмысы бүкіл денеорганизмдеріне тікелей әсер етеді деп дәлелдеген. Көбірек кітап оқыған, сурет салатын, әсіресе, ақыл-ой еңбегімен айналысатын адамдарда жүйкежүйесінің басқаларға қарағанда тез дамидынын, қартайған кезде де жүйке қызметінің шаршауы, үлкен мидың қартаюуы болмайтыны зерттеулерде дәлелденген нәрсе. Жақсы кітап – рухани азық. Рухани толысудың таптырмас дәрісі. Кітап – қоғам. Әрбір кітапты оқып танысқан кезде, ондағы баяндалатын, суреттелетін оқиғалар адамның сезімімен санасын нұрландырады, көркейтеді, алға ұмтылдырады.

Кітап – асыл қазына, кітап – рухани азық, кітап – жан серігің, ақылшың. Ендеше, кітапты аяқастыетпейік, ол – қастерлі, киелі ұғым. Мектепқабырғасында ғана кітап оқып, онан қол үзуге болмайды. Онымен дос болуды өмірлік дағдыға айналдырған дұрыс-ақ. Өйткені кітаптың адамзатқа берер тәрбиесі өте зор.

Өмірде кітап оқудың адамға берері көп. Шындап келгенде, әр кітап бір-бір тәжірибелі ұстазға, адамның ақыл қалтасына ұқсайды. Негізі, кітап оқу өмірде қателікке бой алдырмау үшін басқалардың тәжірибесімен танысу дегенді де білдіреді. Адамға таптырмайтын бірден-бір пайдалы дос – кітап. Ешкімнің мазасын алмайтын, керек кезде жаныңнан табылатын, қиналғанда ақылшы болатын, үйреткен ақылына ақы сұрамайтын, жансарайыңды серпілтетін, көңіліңе шабытқондыратын, өзі үн қатпаса да, өзінің ішкі әлемімен елестетін, дұрыс таңдау жасауға жол сілтейтін әрі адамды жалықтырмайтын серік деуге де болады. Білімділікке де баулитын – кітап. Керісінше, білімсіздік – адам баласының опа бермес дұшпаны. Өмірде болатын көп қателіктер білімсіздіктен туындайды. Білімді жанға қашан да жол ашық. Жұрт та білімді адамды ерекше қадірлейді. Себебі білімді адам әрдайым өз халқына пайдасын тигізіп отырады. «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге», – деп Абай атамыз айтқандай, кітап оқу барысында неге мән беру керек? Кітаптан рухани азық алып, оны өмірде пайдалану үшін

қандай кітаптарды оқығанжөн? «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», – деген Ғабит Мүсіреповтің сөзі де кез келген жанды кітаппен дос болуға шақырады. Кітапты таңдау, оны түсіну мен түйсіну, алғанәсерді өмірлік қажетіне жарата білу – әрбірадамның білігі мен білімін, пайым-парасатынанықтайтын алғы шарттардың бірі. Кітапты оқығанкезде, жазушының баяндау мәнері мен жазутәсіліне байыппен қараған жөн. Жалпы, кітаптабелгілі бір жүйе сақталса, рухани азық алу кім-кімге де қиын емес. Оқу – ізденіске дегенқұштарлықты оятатын үдеріс, әрі сол адамныңмәдениетін тұтас көрсетіп отырады. Егер біркітапты қолға алсаңыз, оның ішкі нәрін алу, пайдалы ой қорыту мақсатымен оқыған көңілгеқонады. Кейде кітап оқып отырып, өзімізге қажеттітұстарды сызып, қоршап, тіпті түртіп алыпотырамыз. Түсінуге қиын тиетін, тілі ауыршығармаларды бес-алты қайтара оқып шықсақ та артық емес. Себебі қайталап оқыған сайын, санаңажаңа ой ұялап, көкірегің ашыла түседі. Мысалы, бақта, бау-бақшада жемістер де, көкөністер де көп. Бірақ олардың бәрі дәмді, бал татып тұрмайды. Солсияқты, ілімдер де көп, бірақ барлығы пайдалыбола бермейді.

**ҚМ АА** Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.